



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы**

2022-2023 ж

**«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы меңгеуші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы**

ХАТТАМА №1

12.09.2022ж

Қатысқандар:12

Күн тәртібі:

- 1.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығына шолу.
Топтардағы дамытушы орталықтарды толықтыру және жабдықтау.
Тексерудің салыстырмалы қорытындысы.
- 2.Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-
құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.
- 3.Балалар құжаттарын реттеу. (Балалар қозғалысы, жолдамалары,
бұйрықтары).
- 4.Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде
Алтын күз мерекесінің бағдарламасын бекіту.
5. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық. Ата-аналармен
жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі. Барлық топта (Жедел
бақылау).
6. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары
мен заманауи модельдері. Әдістемелік ұсынымдар.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Удербасева сөйледі. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сөжеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафтар, түбектер, сүлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуы қажет. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оқу қызметтерін өтуге, көретін, бақылайтын, қабілетін арттыратын материалдар болуға тиісті.

Топтарды жаңа оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап отыру керек.

Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде балабақша тәрбиешісі М.Алжанбаева өз сөзінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстырды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу. Апталыққа оқу қызметі, ертегі кештерін өткізуді ұсынды. Осыған орай 12-16 қыркүйек аралығында тіл апталығын атап өту жоспары бар, өз ойларыңыз, жоспарларыңыз туралы айтуларыңызды, пікір алмасуларыңызға шақырамын деді. Меңгеруші келісім берді.

«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша тәрбиешісі Б.Жамантаева сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін көрме ұйымдастырсақ деп өтіндік. Бағдарламамен таныстырылып, бекітілді. Жауапты етіп балабақша әдіскері Г.Удербоева және топ тәрбиешілеріне тапсырылды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Удербоева Бастапқы мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Бастапқы бақылау алдыңғы жастағы топтың мәліметі негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірлесе отырып баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай ақ алдағы жылы балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. Бастапқы бақылау қыркүйек айының 1-10 аралығында жасалуы керек.

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыс жасауға дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі сөз алды. Ата-аналармен жиналыстың күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Әр топ өз тәрбиешілері арнайы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін. Қыркүйек айының 16 күні өткізейік. Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналармен жұмыс формалары мен заманауи модельдері. Әдістемелік ұсынымдармен таныстырды.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес, жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді:

- көрнекі насихаттау;
- on-line бақылау;
- отбасына қатынау;
- консультациялық пункттер;
- ата-аналар жиналысы;
- әңгімелесу мен консультациялар;
- ата-аналар конференциялары;
- ауызша журналдар;
- сауалнама жүргізу;
- ашық есіктер күні;
- дөңгелек үстелдер;
- клубтар ұйымдастыру;
- біріккен бос уақыттар;
- іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Осы жұмыс формаларымен жеке жеке таныстырып өтті.

Шешім:

- 1.Шолу тексеру қорытындылары 9 қыркүйекке дейін орындалсын.
Жауапты: тәрбиешілер.
- 2.Балабақшада заттық дамытушы орта құрылсын.
- 3.Қыркүйектің 12-16 аралығында тіл апталығы өткізілсін.
Жауапты: тәрбиешілер.

Қазан айының 19-23 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін.
Жауаптылар: тәрбиешілер.

4.Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айының 16 жұлдызында
өткізілсін.

Төрайым:
Хатшы:



Удербоева
Қанжигитова



кілемін
геруін
дербаева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы**

2022-2023 ж

**«Асылшұрай» бобекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы**

ХАТТАМА №2

07.11.2022 ж

Жиыналғандар саны -10

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Ұйымдастырылған байқаулар мен көрмелердің ережелерінің бекітілуі.
3. Іс-шаралардың сценарийін бекіту.

Тыңдалды : балабақша әдіскері Г.Удербоева өткен кеңестің қауымылырының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.Менгеруші Г.Удербоева тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді.Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды.

«Балауса» ортаңғы тобының «Ана тілім –туған тілім» ашық тәрбие сағаты өтті. Балалар тақпақтарын жаттап, ашық ұйымдастырылған іс-әрекетке белсене қатысып , берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді жауап беріп отырды.

Тәрбиеші Э.Каримоваға ортаңғы тобында «Тіл халық қазынасы» ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 20 бала қатысып отырды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Меңгеруші келісім берді.

Сөйледі : Алтын күз ертеңгілігінде «Көңілді дәрумендер» көрмесі ұйымдастырылды. Әдеттегідей ата-аналар түрлі жеміс-көкөністерден өз қолдарымен жасаған көрмені ұйымдастырды. Көрмені бағалау мен қорытындылауда балабақша әдіскері Г.Удербоева сөз алды: Ата-аналарға рахмет, балаларға жақсы көңіл күй сыйлады. Ертегілер кейіпкерлерін сомдап, балалар керемет әсер алды. Белсене қатысқан ата-аналарға алғыс хаттар берілді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Удербоева кіріс құжаттармен таныстырып өтті. Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Мектепке дейінгі білім беру департаментінің 2022 жылғы 01 желтоқсандағы «Еңбек парығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығын түсіндіру және 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын уақтылы орналастыру жұмыстары бойынша арнайы басқармалардан мамандардың қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын уақтылы орналастыру бойынша бұйрықта көрсетілген балабақшаның тиісті құжаттарын электрондық үкіметтің «веб-порталы» арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелерге енгізу жұмыстарын жүргіздік. Балабақша 381 ші бұйрықтағы талаптарға сай жұмыс жасауымыз керек деп айтып өтті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Г.Удербоева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы - Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары туралы оқып берді.

Педагогтардың лауазымдық міндеттерімен таныстырып өтті, біліктілікке қойылатын талаптар және нені білуі тиіс оқып таныстырды.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Г. Удербоева сөйледі.

-Қараша айында дидактикалық ойындар жинағының көрмесін өтеміз деп жоспарлап отырмыз. Түрлі дидактикалық ойындардың жинағының және көрнекіліктерінің көрмесін ұйымдастырсақ деп едік. Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлға дамуын қалыптастыруға болады. Оларды әр оқу іс-әрекетінде және балалардың өз бетінше жұмыс істегенінде қолданамыз. Балаларды заттың сын-сипатын біліп, қортындылауға, салыстыруға жүйелеуге үйретеді. Дидактикалық ойындар тақырыпқа байланысты қолданылады. Тапсырма берер алдында оны балаларға түсіндіру, тексеру қажет. Дидактикалық ойындар, ойын тапсырмалар біртіндеп күрделенеді, сондықтан оларды ретімен орындату қажет. Әрбір ойынға балалар қызыға қатысады. Балабақша тәрбиешісі өзін жай ғана тәрбиешімін деп қарамай, жалпы мәдениетін және кәсіби біліктілігі мен даярлығын жетілдіру қажет. Ойын балалардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.

-Дидактикалық ойындар жинағын жинап, көрнекіліктерін жасаудан көрме ұйымдастырайық.

-Дидактикалық материалдар көбейтілсе.

-Әр кабинеттерде дидактикалық бұрыштар жасақталса.

Сөйлегендер: Балабақша тәрбиешісі М.Алжанбаева сөйледі.

- Желтоқсан айында Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Тұғыры биік, тәуелсіздік» атты салтанатты іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл шараның мақсаты: балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, халқының тарихын білуге үйрету, Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру; Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын, қоғамның бір мүшесі болатын ретінде адам құндылықтарын ұғындыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Балаларымыз мерекені сезініп, оларда патриоттық сезім оянып, рухани байлық алып, естерінде қалатындай болуға тиісті деп ойлаймын. Ал жаңа жыл мерекелік іс шараға келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын үлгіде, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абайлап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сақтауды ескертіңіздер және де жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сақтауды ескертіңіздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы, тартымды, сикырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал

мерекеге сай безендірілген.. Ата-аналарды қызықты өткізуге іс-шараға белсене қатысуға тырысыңыздар.Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын.

Сонымен бірге тәрбиеші Э.Каримова Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценаріімен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музыкант жаңа жыл ертеңгілігін 26-28 өткізуді ұсынды.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: меңгеруші
2. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп , мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тәрбиешілер біліктілікті арттыру курстарына қатыстырылсын.
4. Ұйымдастырылатын көрмелердің ережелері толықтырылып, бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



.Удербоева

Қанжигитова



ітемін
руші
баева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

2022-2023 ж

«Асылнұрай» бобекжай балабақшасы меңгеуші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы

ХАТТАМА №3

5.12.2022ж

Қатысқандар-12

Күн тәртібі:

- 1.Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту/барлық топтар/
2. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
- 3.Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.
- 4.Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық)

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту мақсатында топтарда атқарылған жұмыстар туралы баяндады.Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды.Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу, олардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау болып табылады.Түрлі балалар әрекетінде балалардың

көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту; өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту, өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем-эстетикалық талғамды дамыту, қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу; балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында бір қатар жұмыстар атқарылғандығын баяндады. Балабақша меңгерушісі Г. Удербоева бұл тұрғыдан қорытындылай келе жақсы жұмыс атқарылғандығын атай отырып, кемшіліктерді де ескеріп соны түзетуге шақырды.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Г. Молдабекова сөз алды. Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. **Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:** Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді

Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген.

Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;

Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өнделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы.

Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;

Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Біздің балабақшада күніне 4 рет тамақтанады:

Таңғы ас – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен

ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр бутерброды.

(княр, қызанақ, сәбіз)

Бірінші ыстық тағам - борщ, көкөніс көжесі, түрлі сорпа, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер.

Екінше тағам - гарнирмен ет, тауық.

Үшінші тағам – балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель.

Бесін ас - сүт, ішетін йогурт, шырын, балшырын, шай, печенье, кондитерлік бұйымдар, тоқаштар.

Кешкі ас - жеңіл азық-түліктер (көкөністер, жемістер, сүт, ірімшік, т.б.тағамдары)

Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-Гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар. Ас мәзірі маусымдық болып әзірленеді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері

Г.Удербоева сөз алды. Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі туралы қорытынды жасады.Тексеру нәтижесінде әр топ жас ерекшелігіне сай тақырыптары мақсатына сай алынғандығын,күн тәртібі уақыттары жасына сай дұрыс қойылғандығын атап айтты.Қорытындылай келе жақсы деген баға берді.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері сөз алды. Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық, ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеріп отырғандықтан бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіледі.Мысалы ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парағы қолданылады.Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парағы жүргізіледі.Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы,аралық,қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қояды. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы,

аралық) топ тәрбиешілері өз топтарына қорытынды жасады.Мониторинг жаңа үлгі бойынша берілген критерийлерге байланысты белгіленіп жасалды.Бастапқыда балалар біліктілік дағдылары төмен деңгейде көбірек болса,аралық мониторингте балалар біліктілігінің игеруі орташа деңгейге көтерілді.Мониторинг электронды түрде және қағаз түрінде әдіскерге тапсырылды.Балабақша әдіскері балабақша бойынша қорытынды мониторинг жасап ауданға тапсырды.

Шешім:

1. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту барлық топта жалғастырылсын.
- 2.Тамактануды ұйымдастыру сапасы әрдайым қадағалансын.
- 3.Балалардың біліктілігі мен дағдыларын дамыту мақсатында жұмыстар жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшысы:



Т.Удербасова

Н.Қанжигитова



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің**

№4 хаттамасы

2022-2023 ж

**«Асылнұрай» бобекжай балабақшасы меңгеуші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы**

ХАТТАМА №4.

06.02.2023ж

Қатысқандар-12

Күн тәртібі:

- 1.Дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде , денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер , спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізу. Ертеңгіліктер мен мерекеліктердің өткізілу барысы.
- 2.Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді қоршаған ортамен таныстыруда танымдық және зерттеушілік дағдыларының дамуы.
- 3.Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Удербаета сөз алды. Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше. Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту; 2) мәдени-гигиеналық дағдылар

мен әдеттерді қалыптастыру; 3) бала денесін шынықтыру; 4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту. Балаға дене тәрбиесін беруде қимылды ойындардың орны ерекше. Дене шынықтыруды қимыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек. Физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек; ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс. Сондықтан балабақшада денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер, спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізуге аса көңіл бөлу керек. Сонымен қатар ертеңгіліктер мен мерекеліктердің өткізілу барысында топ жас ерекшелігіне көңіл бөліп дұрыс таңдау жасау керек. Өткізілу барысында қауіпсіздік ережелерінде есте ұстаған дұрыс деп ойлаймын. Балабақша тәрбиешісі Э.Каримова спорттық жарыстар, отбасылық байқаулар өткізу үшін жыл мезгіліне қарай таңдап жоспар құру керектігін айтып ұсыныс жасады. Сонымен бірге ата-аналарды да көбірек жұмылдыру керектігін айтып өтті. Әдіскер Г. Удербоева: Қорыта келе айтарымыз, бала ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға тәрбиешілер ерекше мән беруі керек.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Н. Қанжигитова сөз алды. Қоршаған ортамен және оның түрлерімен таныстыра отырып, балалардың ұғымын кеңейтеміз. Әрбір бала өзінің қоршаған ортасын айналадағы құбылыстарды тану арқылы жетіледі. Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөнін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б. айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен

шұғылданатыны туралы әңгімелейді. Баланың танымдық дамуы эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала - қоршаған ортаны кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да серуен арқылы бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Табиғи нысанды қабылдау, зерттеу баланы шаршатпауы тиіс. Бала бақылауды жақсы көңіл-күймен бастап, сондай жақсы әсермен аяқталуы тиіс. Бақылау барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару. Серуен кезінде әр түрлі ойындар арқылы жаңа ойын технологияларын әдіс-тәсілдердің қолдану қажет. Серуен барысында тек бақылап қана қоймай, еңбек шараларын қатар жүргізіп отыру керек. Серуенде ағаштарды, гүлдер мен шөптерді ажыратуға, оларға қамқорлықпен қарауға көңіл аудару керек. Еңбек барысында - ойын әрекеті арқылы балалардың қызығушылықтарын дамыту қажет. Бала серуен барысында (еңбек, бақылау, ойын) - әрекеттері арқылы, не үйренді, неге қызығушылықтарының артқанын сұрай отырып, қортынды жасау. Мектеп жасына дейінгі балалармен қоршаған ортаны тануда **тәжірибелік- эксперименталдық әрекетті ұйымдастыру** керек.

Эксперименттердің бала бойындағы сезімталдық қасиеттердің, көркемдікке құмарлық және музыкалық қабілеттердің дамуына, еңбек дағдыларының қалыптасуына және қимыл-қозғалыстың жалпы деңгейінің көтерілуіне орай денсаулығының жақсаруына әсер ететінін атап өтпеуге болмайды. Эксперимент жүргізу кезінде баланың ақыл-есі қуаттанады, барлық ойлау процесінің белсенділігі артады. Көргені туралы есеп беру қажеттілігі, қорытындылар мен заңдылықтар жасауға ұмтылу тіл байлығын дамытуға ықпал етеді. Балалар эксперимент жүргізуге құмар. Бұл түсінікті де, ақыл-ойды дамытатын көрнекі-әрекеттік және көрнекі-образдық әсерінің арқасында эксперименттер бала үшін өмірінің алғашқы үш жылында әлемді танып-білудің бірден бір, үш жастан кейін де ең басты әдісі болып қала береді. Мектеп жасына дейінгі балалармен қоршаған ортаны тануда **тәжірибелік- эксперименталдық әрекетті ұйымдастыру**. Эксперимент жасаудың түп-тамыры бөбектер тобында заттарды қозғалысқа түсіріп, әдіс-амалдар жасаудан басталады. Эксперимент жүргізу балалардың өзінше дербес тәжірибе жинауына және түрлі байқаулар мен қателіктер арқылы

өзінің жас ерекшелігіне сай шынайы білім алуына мүмкіндік береді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі М.Алжанбаева сөз алды. Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту үшін балалар денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған іс – шараларды жүзеге асыру. Салауатты өмір салты туралы біліммен дағдыны қалыптастыру. Алған білімдерін күнделікті пайдалана білуге үйрету. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл – ойы айқын, өз – өзіне сенімді, жан – жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрлысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды қолданған жөн. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Балабақшамыздың медбикесі Г.Молдабекова балалардың денесінің өсіп жетілуін қадағалап, әр түрлі жұқпалы аурулардың алдын – алу шараларын өткізеді

Педагогикалық денсаулық сақтау технологияларын қолдану: Стретчинг (созылу)

Ырғақты – қозғалыс, Динамикалық үзіліс, Қимылды және спорттық ойындар, Релаксация, Саусақ жаттығулары, Көзге арналған, Тыныс алу жаттығулары, Сергітетін жаттығулар, Дене тәрибе сабағы, Мәселелі ойындар (тренингтар), Нүктелі массаж, Әуен әсері, Ертегі терапиясы, Түстердің әсері, Мінез-құлқын түзету, Арттера-пия, Йога жаттығулары, Психо жаттығулар, Дем алу, сергіту жаттығулары. осыларды жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлы түрде қолдану керек. Сонымен қатар балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында ата-анамен тығыз қарым-қатынаста бола отырып біріккен әрекеттерді ұйымдастыру қажет.

Шешім:

1. Ертеңгіліктер мен мерекеліктердің өткізілу барысы қадағалансын.
2. Қоршаған ортамен таныстыруда танымдық және зерттеушілік дағдыларын дамытуда тәжірибелік- эксперименталдық әрекетті ұйымдастыру қолданылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен тығыз қарым-қатынас орнатылсын және денсаулық сақтау технологиялары қолданылсын.

Балабақша меңгерушісі

Хатшы:



Г.Удербоева

Н.Қанжигитова



**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің
№5 хаттамасы.**

2022-2023 ж

**«Асылнұрай» бобекжай балабақшасы меңгеуші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы**

ХАТТАМА №5.

17.04.2023ж

Қатысқандар:12

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы .
2. II-жартыжылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзiреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесі.
- 3.Тәрбиешілер портфолиосын реттеу.
- 4.Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту

Тындалды Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Удербаета сөз алды.Өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.Жоспар бойынша мезгілімен өткізілген денсаулық іс-шаралары жақсы ұйымдастырылып өз дәрежесінде өтті.Ата-аналармен қарым-қатынас түзіліп жақсы нәтижелер көрсетілді.Мерекелердің өткізілуі жақсы деп қорытынды жасалды. Қоршаған ортамен таныстыруда танымдық және зерттеушілік дағдыларын дамытуда бірнеше тәжірибелік-эксперименталдық әрекеттер ұйымдастыру барысында қолданылды.Денсаулық сақтау технологияларын әр топта баланың жасына қарай қолданды.Өткен кеңестің шешімдерін қорыта келгенде қанағаттанарлық деп баға берілді.

Тындалды: Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері сөз алды.II-жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім күзiреттілігін қалыптастырудың қорытынды мониторинг нәтижесін

қорытындылады. Қорытынды мониторинг қорытындысымен қалай жұмыс жүргізу, толтыру жөнінде түсіндіріп өтті. Қорытынды бақылау әр жастағы топтың мәліметі негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірлесе отырып баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай ақ алдағы жылы балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады. Қорытынды бақылау мамыр айының жиырмасына дейін жасалуы керек. . Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) топ тәрбиешілері өз топтарына қорытынды жасады. Мониторинг жаңа үлгі бойынша берілген критерийлерге байланысты белгіленіп жасалды. Бастапқыда балалар біліктілік дағдылары төмен деңгейде көбірек болса, аралық мониторингте балалар біліктілігінің игеруі орташа деңгейге көтерілді, ал қорытындыда жоғары деңгейге жетіп жақсы нәтиже көрсетті. Және осы жылы май айында балалардың жеке дамуын әр топ тәрбиешілері өздерінің ақпауынты арқылы Балаларды ерте дамыту институты сұранысы бойынша жиырмасыншы мамырға дейін электронды түрде тапсырды. Мониторинг электронды түрде және қағаз түрінде әдіскерге тапсырылды. Балабақша әдіскері балабақша бойынша қорытынды мониторинг жасап ауданға тапсырды. Сонымен қатар әр топ тәрбиешілері жыл бойына жүргізген жұмыстарының нәтижесін мерекелік ертеңгіліктер, ашық сабақтар, іс-әрекетке арналып жасалған үлестірмелі материалдар көрнекілік материалдарды, балабақшада өткізілген сайыс, жарыстардың жұмыстарымен суреттерін жинақтап жетістіктерімен курстан өткен сертификаттарын тәрбиеші портфолиосына реттеп жинақтап салып балабақша әдіскеріне тапсырды. Тәрбиешілердің жыл бойына атқарылған жұмысына балабақша меңгерушісі қорытындылай келе жақсы деген баға берді. Сонымен қатар кемшіліктерді де ескеріп түзетуге шақырды.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г. Удербоева сөз алды. Ұжымды оқу жылын жақсы аяқталуымен құттықтап жақсы тілегін білдірді. Жазғы маусымға арналған іс-



Бекітемін

Балабақша меңгерушісі

Удербиева

**"Асылнұрай" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2022-2023 оқу жылының
меңгеуші жанындағы кеңестің
№6 хаттамасы.**

2022-2023 ж

**«Асылнұрай» бөбекжай балабақшасы меңгеруші жанындағы кеңестің
кезекті отырысы**

ХАТТАМА №6.

20.07.2022ж

Қатысқандар:12

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық.
- 2.Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау.
- 3.Жаз мезгіліндегі серуен түрлері.

Тыңдалды Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Удербоева сөз алды.Өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.Жоспар бойынша мезгілімен өткізілген денсаулық іс-шаралары жақсы ұйымдастырылып өз дәрежесінде өтті.Ата-аналармен қарым-қатынас түзіліп жақсы нәтижелер көрсетілді.Мерекелердің өткізілуі жақсы деп қорытынды жасалды.Меңгеруші Г.Удербоева жаңа оқу жылына дайындық жасау бірінші пед.кеңеске дайындық жасау туралы айтып өтті.Осы жылғы оқу жылында қандай кемшіліктер болды соған тоқталды.Жаңа оқу жылына нені қамту керек деп ортаға салып ұсыныстарын тыңдап пед кеңеске дайындық жасауды балабақша әдіскеріне тапсырды. Өткен кеңестің шешімдерін қорыта келгенде қанағаттанарлық деп баға берілді.

Тыңдалды Екінші мәселе бойынша балабақша шаруа меңгерушісі А.Тыныбекова сөйледі.Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуына тоқталып өтті.Балалардың ойын

аландарында қауіпсіз жағдай жасалғанын айтты. балабақша мейірбикесі Г.Молдабекова сауқтыру-шынықтыру шараларында суға шомылғанда, аулада шынықтыру жаттығулар жасағанда, ойнағанда күн тиюден сақтану қауіпсіздік шаралары сақталғанын айтып жаз мезгілінде ешқандай келеңсіз оқиғалар болмағанын атап айтып қорытынды жасады.

Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешілері сөз алды. Жаз мезгіліндегі серуен түрлерін әр топ жас ерекшеліктеріне байланысты серуендер жасады. Қимылды ойын, еңбек іс-әрекет жасағанда қауіпсіздік ережелері сақталғанын айтып қорытындылады. Тәрбиешілер жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын мебикенің қатысуымен сақтық шараларын сақтай отырып жасағаны айтылды. Қорытындылай келе жаз мезгілінде балабақшамызда ешқандай келеңсіз жағдайлар орын алмады деп тәрбиешілер сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуын қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық жасау материалдарды жинақтау балабақша әдіскері Ж.Тажибекееваға жүктелсін.

3. Барлық топ тәрбиешілері жаңа оқу жылына топтары бойынша көрнекілік материалдар жинақтау және білім күніне ән-саз жетекшісімен бірге концерттік бағдарлама сценарийлерін дайындау тапсырылсын. қадағалау әдіскерге жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Г.Удербоева

Қанжигитова